

2026. 13 (2)

# Asian Journal

## "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2026  
© Авторлар ұжымы, 2026

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026  
© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 1, pp. 79-94, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_1\\_79-94](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_79-94)

## THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES

*Bulanov Erzhan<sup>1</sup>, Tumabayev Turlybek<sup>2\*</sup>, Safarov Rakhmoil<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>I. Zhansugurov Zhetysu University  
(187A, Zhansugurov Str., 040006 Taldykorgan, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, teacher-lecturer  
 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: [erzhan\\_bulanov@mail.ru](mailto:erzhan_bulanov@mail.ru)

<sup>2</sup>Satbayev University  
(22, Satbayev Str., 050013 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Master's in History, senior lecturer  
 <https://orcid.org/0000-0001-8477-4166>. E-mail: [t.tumabayev@satbayev.university](mailto:t.tumabayev@satbayev.university)  
\*Corresponding author

<sup>3</sup>Tajik National University  
(17, Rudaki Aven., 734025 Dushanbe, Republic of Tajikistan)  
Candidate of Historical Sciences  
[safarov@mail.ru](mailto:safarov@mail.ru)

© Valikhanov IHE, 2026  
© Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R., 2026

**Abstract.** *Introduction.* In the article, the emergence and formation of the Basmachi movement are examined comprehensively and scientifically. The study analyzes the social, political, ethnic, and ideological foundations of the movement, as well as its causes and regional specificities. The three main centers of Basmachism – the Fergana Valley, the Bukhara region, and the Khiva area – are described separately, with attention to the historical, social, and ethno-political factors that influenced their emergence and development. *Goals and objectives.* A comprehensive analysis of the historical origins and evolution of the Basmachi movement in Central Asia, and its transformation into an anti-Soviet national liberation struggle. The tasks of the study are to reveal the origins and specific features of the Basmachi movement in Fergana, Bukhara, and Khiva through a comparative analysis of archival documents, Soviet and post-Soviet scholarship, as well as foreign studies. *Results.* The political, socio-economic, and ethnic characteristics of Central Asian regions at the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries created the preconditions for the formation of the Basmachi movement. The political changes following the October Revolution of 1917 laid the foundation for the expansion of the movement and the strengthening of its influence among the local population. Socio-economic crises and regional developmental inequalities in the Fergana region deepened public discontent. In Eastern Bukhara and Khiva, the rise of Basmachism was particularly influenced by conflicts of interest between pastoralism and agriculture intertwined with ethnic tensions, as well as the region's socio-economic backwardness and geographical isolation. The combination of these factors led to the transformation of the Basmachi movement from a form of social protest into a


complex historical phenomenon of anti-Soviet national liberation struggle. *Conclusion.* Similar to the national liberation movement that emerged in Kazakhstan – the Alash movement – in opposition to Russian imperial colonial policy, the Basmachi movement, which spread widely across Central Asia, held significant importance in the lives of the indigenous peoples of the region. The origins of this movement took shape in two directions depending on its various geographical centers: the first was socio-economic, while the second manifested in an ethnic dimension.


**Keywords:** Basmachi movement, Central Asian history, Ferghana, Bukhara, Khiva, ethno-political tensions, national liberation struggle

**For citation:** Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R. The Basmachi Movement in Central Asia: Historical Origins and Regional Peculiarities // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 79-94. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_79-94

## ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұланов Ержан Олжабайұлы<sup>1</sup>, Тұмабаев Тұрлыбек Сәлімұлы<sup>2\*</sup>, Сафаров Рахмоил Исмоилович<sup>3</sup>

<sup>1</sup>І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
(187А-үй, Жансүгіров көш., 040006 Талдықорған, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер  
 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: erzhan\_bulanov@mail.ru

<sup>2</sup>Сәтбаев университеті  
(22-үй, Сәтбаев көш., 050013 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих магистрі, аға оқытушы  
 <https://orcid.org/0000-0001-8477-4166>. E-mail: t.tumabayev@satbayev.university

\*Автор-корреспондент

<sup>3</sup>Тәжік ұлттық университеті  
(17-үй, Рудаки даңғ., 734025 Душанбе, Тәжікстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты  
safarov@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАЭ, 2026

© Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И., 2026

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада басмашылар қозғалысының пайда болуы мен қалыптасу тарихы ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында қозғалыстың әлеуметтік, саяси, этникалық және идеологиялық негіздері, сондай-ақ оның шығу себептері мен аймақтық ерекшеліктері талданады. Басмашылықтың негізгі үш ошағы: Ферғана жазығы, Бұхара өңірі және Хиуа аймағы – жеке сипатталып, олардың пайда болуы мен дамуына ықпал еткен тарихи, әлеуметтік және этносаяси факторлар көрсетіледі. *Зерттеудің мақсаты.* Орта Азиядағы басмашылар қозғалысының тарихи бастаулары мен эволюциясы, оның антикеңестік ұлттық-азаттық күреске айналуы мәселесін кешенді түрде талдау. *Міндеттері.* Архив құжаттары, кеңестік және посткеңестік кезеңдегі, сондай-ақ шетелдік зерттеулер негізіндегі ғылыми тұжырымдарды салыстырмалы түрде талдай отырып, Ферғана, Бұхара, Хиуадағы басмашылар қозғалысының пайда болуы мен ерекшеліктерін ашып көрсету. *Нәтижелер.* ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Орта Азия аймақтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және этникалық ерекшеліктері басмашылар қозғалысының қалыптасуына алғышарт қалады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі саяси өзгерістер қозғалыстың кеңеюіне және жергілікті халық арасында ықпалының артуына негіз жасады. Ферғана өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен аймақтық даму теңсіздіктері халық наразылығының


тереңдеуіне алып келді. Ал Шығыс Бұхара мен Хиуадағы басмашылықтың пайда болуына этникалық қайшылықтармен ұштасқан мал шаруашылығы мен егіншілік арасындағы мүдделер қақтығысы, сондай-ақ аймақтың әлеуметтік-экономикалық артта қалуы мен географиялық оқшаулануы айрықша әсер етті. Осы факторлардың тоғысуы нәтижесінде басмашылар қозғалысы әлеуметтік наразылықтан антикеңестік сипаттағы ұлт-азаттық күреске ұласқан күрделі тарихи құбылыс ретінде көрініс тапты. *Қорытынды.* Ресей империясының отарлау саясатына қарсы қазақ жерінде көрініс тапқан ұлт-азаттық қозғалыс – Алаш қозғалысы сияқты, Орта Азияда кеңінен тараған басмашылар қозғалысы аймақтың байырғы халықтарының өмірінде ерекше маңызға ие болды. Бұл қозғалыстың шығу тегі әр географиялық орталыққа байланысты екі түрлі бағытта қалыптасты: біріншісі – әлеуметтік-экономикалық, екіншісі – этникалық тұрғыда көрініс тапты.


**Түйін сөздер:** Басмашылар қозғалысы, Орта Азия, Ферғана, Бұхара, Хиуа, этносаяси қайшылықтар, ұлттық-азаттық күрес

**Дәйексөз үшін:** Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. Орта Азиядағы басмашылар қозғалысы: тарихи бастаулары мен аймақтық ерекшеліктері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 79-94 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_79-94

## БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

*Буланов Ержан Олжабаевич<sup>1</sup>, Тумабаев Турлыбек Салимович<sup>2\*</sup>, Сафаров Рахмоил Исмоилович<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Жетысуский университет имени И. Жансугурова  
(д. 187А, ул. Жансугурова, 040006 Талдықорган, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, преподаватель-лектор  
 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: erzhan\_bulanov@mail.ru

<sup>2</sup>Satbayev University  
(д. 22, ул. Сатпаева, 050013 Алматы, Республика Казахстан)  
Магистр истории, старший преподаватель  
 <https://orcid.org/0000-0001-8477-4166>. E-mail: t.tumabayev@satbayev.university

\*Автор-корреспондент

<sup>3</sup>Таджикский Национальный университет  
(д. 17, просп. Рудаки, 734025 Душанбе, Республика Таджикистан)  
Кандидат исторических наук  
safarov@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье всесторонне и научно рассматривается возникновение и формирование басмаческого движения. В ходе исследования анализируются социальные, политические, этнические и идеологические основы движения, а также причины его появления и региональные особенности. Три основных очага басмачества – Ферганская долина, Бухарский регион и Хивинский район – рассматриваются отдельно, с указанием исторических, социальных и этнополитических факторов, повлиявших на их возникновение и развитие. *Цель исследования.* Комплексный анализ исторических истоков и эволюции басмаческого движения в Средней Азии, а также его превращения в антисоветскую национально-освободительную борьбу. На основе сравнительного анализа архивных документов, советских и постсоветских исследований, а также зарубежных научных трудов выявить происхождение и особенности басмаческого движения в Фергане, Бухаре и Хиве.

*Результаты.* Политические, социально-экономические и этнические особенности регионов Средней Азии конца XIX – начала XX века стали предпосылкой формирования басмачского движения. Политические изменения после Октябрьской революции 1917 года создали основу для расширения движения и усиления его влияния среди местного населения. Социально-экономические кризисы и региональные диспропорции развития в Фергане углубили народное недовольство. А в Восточной Бухаре и Хиве на возникновение басмачества особое влияние оказали конфликты интересов между скотоводством и земледелием, переплетённые с этническими противоречиями, а также социально-экономическая отсталость и географическая изоляция региона. Совокупность этих факторов привела к тому, что басмачское движение из социальной протестной формы превратилось в сложное историческое явление антисоветской национально-освободительной борьбы. *Заключение.* Подобно национально-освободительному движению в Казахстане – движению «Алаш», возникшему в противостоянии колониальной политике Российской империи, басмачское движение, широко распространившееся в Средней Азии, имело особое значение в жизни коренных народов региона. Истоки этого движения имели два направления в зависимости от его географических центров: первое – социально-экономическое, второе – проявившееся в этническом плане.

**Ключевые слова:** Басмачское движение, Средняя Азия, Фергана, Бухара, Хива, этнополитические противоречия, национально-освободительная борьба

**Для цитирования:** Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. Басмачское движение в Средней Азии: исторические истоки и региональные особенности // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 79-94. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_1\_79-94

### Кіріспе

XX ғасырдың 20-жылдарында Орта Азиядағы басмашылар қозғалысы жаңадан орнаған Кеңес өкіметіне тегеурінді түрде қарсылық көрсетті. Ферғана жазығы, Бұхара аймағы мен Хиуа өңірінде орын алған қарулы қарсылық 1940-жылдардың басына дейін жалғасты. Әлбетте, қозғалыс большевиктер билікке келген 1917 жылдан 1930 жылдар аралығында ең белсенді түрде жүрді. Олардың құрамындағы түрлі әлеуметтік топтар мен қозғалыс жетекшілері әртүрлі мақсаттарды көздеді: 1) большевиктер мен кеңестік Ресейден тәуелсіздігін жариялау, яғни бұрынғы заңды билікті қалпына келтіру; 2) қозғалыстың жекелеген басшылары – тайпалық ақсүйектер немесе бұрынғы жер иелері болған бектер бұқара халықты пайдалану арқылы өздерінің жеке мүддесін көздеді. Бірақ олардың барлығына тән ортақ дүние – ұлтшылдық немесе діни мазмұндағы ұрандарды пайдалануы еді.

Басмашылықтың негізгі әрі басты ұраны антикеңестік тұрғыда болғанын айтуымыз керек. Қырымдық татар, бақшасарайлық көзі ашық, көкірегі ояу азамат, «Тәржіман» газетінің бас редакторы болған Исмаил-бей Гаспралы негізін қалаған прогресшіл жәдидтік қозғалыстың өкілдері басмашылардың негізгі идеологтары болды. Бірақ Қызыл Армиямен соғысқан кейбір құрбашылар мен әскери жетекшілер үшін «Тәуелсіз Түркістан үшін күрес» идеясынан гөрі таза жергілікті мүдделер маңызды еді. Өз мақсаттарына жету үшін жергілікті ақсүйектердің өкілі болған басмашылардың басшылары бұрынғыдай, яғни 1917 жылға дейінгі патша билігі тұсындағыдай, Кеңес өкіметі де оларға өздері иелік еткен өңірде қожайын болып қалуға, жергілікті халықтың экономикалық және әлеуметтік өмірін бақылап басқаруға мүмкіндік берсе, ымыраға келуге һәм келісім жасауға дайын болды.

Орта Азия – геосаяси және стратегиялық маңызы зор аймақ. Ол XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ірі державалар – Ресей мен Британ империясының мүдделері үшін талас-тартыс пен күрес алаңына айналды. Ақпан төңкерісінен кейін басталған Ресей империясының ыдырау үрдісі оның аталған аймақтағы позициясының айтарлықтай әлсіреуіне әкелді. Алайда 1920 жылдары бұрынғы Ресей империясының ұлттық шеткі аймақтары кезең-кезеңімен кеңестендірілгеннен кейін, Кеңестік Ресейдің осы аймақтағы позициясы едәуір нығайды. Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы кеңестік билік Ресей империясының бұрынғы иелігі саналатын Түркістан генерал-губернаторлығында ғана емес, сонымен қатар ертеректе оның

құрамына кірмеген аумақтарда да орнады. Өйткені Бұхара мен Хиуа 1917 жылға дейін Ресейге жартылай тәуелсіз мәртебеге ие протекторат мемлекеттер болатын. Бұл дәстүрлі түрде Ресейдің, кейінірек КСРО-ның халықаралық аренада қарсыластары болған мемлекеттердің мүдделеріне қайшы келетіні сөзсіз еді. Бұл, ең алдымен, Британ империясына қатысты болатын. Британ империясы Үндістандағы отарлық иеліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Орта Азияға өзінің ықпал ету аясын кеңейтуге күш салды. Сондықтан олар басмашылар қозғалысын аймақта өз позицияларын нығайту мақсатында пайдалануға тырысты. Ал Кеңес өкіметінің алдында басмашылар қозғалысын тез әрі түп-тамырымен жою принципті мәселе болды.

Тақырыптың өзектілігіне келетін болсақ, 1920–1930 жылдардағы басмашылар қозғалысы – Ресей империясы мен Кеңес Одағының отарлық саясатына қарсы күрестің айқын көрінісі. Ал бүгінгі Ресейдің Орта Азия мен Қазақстандағы ықпалын сақтап қалу әрекеттері нақ сол тарихи үрдістің жалғасы іспетті. Сондықтан бұл мәселені зерттеу тек өткенді түсінуге ғана емес, геосаяси ахуалды да бағалауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, Ауғанстанда тәліптердің билікке келуі аталған аймаққа һәм ондағы мемлекеттерге қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Сондықтан да басмашылар қозғалысының Орта Азия өркениетінің тарихындағы рөлі мен орнын теориялық тұрғыдан қайта қарастыру КСРО ыдырағаннан кейінгі бұл аймақта орын алған саяси оқиғаларға объективті баға беруге, талдау жасауға жол ашады. Екіншіден, өңірдің одан әрі әлеуметтік-саяси дамуының ықтимал сценарийін болжауға да септігін тигізеді.

### **Материалдар мен әдіс-тәсілдер**

Зерттеудің негізін архив материалдары, мерзімді басылымдар және мемуарлық еңбектер құрайды. Осыларға жеке-жеке тоқталып өтейік.

1) Архив материалдары. Ресей мемлекеттік әскери архивінің (РМӘА, Мәскеу қ.) қорлары ерекше маңызға ие. Оның 110 және 272-қорларындағы құжаттарда мәселеге қатысты егжей-тегжейлі мәліметтер жинақталған (РМӘА. 110-қ. 3-т. 284, 289, 295-істер; РМӘА. 272-қ. 1-т. 44-іс.; 2-т. 23-іс.).

2) Мерзімді басылымдар. Бұл – басмашылар мен Кеңес өкіметі арасындағы күрес тарихын көрсететін дереккөздердің маңызды тобы. Оның ішінде Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасының мерзімді басылымдары және Түркістан Республикасы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы «Известия» газетінде жарияланған материалдар ерекше мәнге ие (Известия. 1921. № 80; 86; 94; 96; 124; 126; 166).

3) Мемуарлық еңбектер. Бұл дереккөздерді екі топшаға бөліп қарастыруға болады: біріншісі – оқиғаларға тікелей қатысушылар қалдырған мәліметтер (Какурин, 1924: 90–59; Кутяков, 1930: 216);

2) Орта Азиядағы басмашылар қозғалысына жетекшілік еткен, сондай-ақ оны басуға қатысқан кеңестік мемлекет және саяси қайраткерлердің естеліктері. Әлбетте, олар баррикаданың екі жағындағы топтарға қатысты. Соның ішінде зерттеуіміз үшін кеңестік саяси лагерьге қарсы оппозициялық топ өкілдерінің әртүрлі жазбаша куәліктері ерекше маңызға ие. Олар алдымен Орта Азиядағы Кеңес өкіметіне қарсыласушы топтардың идеологтары ретінде әрекет етті. Содан кейін КСРО-дан тыс жерлерге – Түркияға немесе Еуропа елдеріне эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Олардың ішінде ортаазиялық оппозицияның маңызды екі өкілі Мұстафа Шоқай (Чокаев, 2001: 237; Шоқай, 1992: 186) мен Ахмет Зәки Валиди Тоғанның (Тоған, 1994: 383; Тоған, 1998: 364; Togan, 1990: 95–101) жазбалары, хат-хабарлары, мақалалары мен естеліктері жатады. З.В. Тоғанның өзі 1920 жылдардың басында Түркістанның ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізуді мақсат еткен «Түркістан ұлттық бірлестігінің» мүшесі ретінде басмашылар қозғалысына тікелей қатысты.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде бірқатар әдістер басшылыққа алынды: 1) ғылыми объективизм әдісі – бұрыннан белгілі мәселелерді және зерттеулерде аз қарастырылған сұрақтарды талдау барысында саяси-идеологиялық бағыттан аулақ болу қажеттігі; 2) салыстырмалы талдау әдісі – басмашылық қозғалыстың жалпы эволюциясына әсер еткен этникалық, әлеуметтік, діни-мәдени ерекшеліктердің арақатынасы анықталады және

қозғалыстың әр аймақтағы өзіндік ерекшелігі қарастырылады. Бұл ретте кеңестік және шетелдік тарихнамада жинақталған объективті тұжырымдар мен бағалар салыстырылады және шығармашылықпен қолданылады. Бұл басмашылық қозғалыс пен оған қарсы күрес жүргізген Кеңес өкіметі сияқты екі қарама-қарсы саяси лагерьге біржақты баға беруден бас тарта отырып, өңірдің саяси өміріндегі үрдістердің күрделілігі мен көпқырлылығын бейнелеуге мүмкіндік береді.

### Талқылау

Кеңес әдебиетінде Орта Азиядағы басмашылар туралы алғашқы еңбектердің пайда болуы 1920 жылы В. Куйбышевтың мақаласынан бастау алады. Ол сол кездегі РКП(б) Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің Түркістан істері жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшесі болды. Мақала «Басмаческий фронт» деген тақырыппен «Жизнь национальностей» журналының (ол кезде газет түрінде шыққан) №16 санында жарияланған (Куйбышев, 1920: 24–41). Көп ұзамай басмашылыққа арналған шығармалар жеке кітаптар түрінде пайда болды, олардың ішінде Ф. Ходжаевтің еңбегін ерекше атауға болады (Ходжаев, 1970). Ол өз еңбегінде: «Көтеріліс басшылары, тайпа көсемдері мен молдалар өздерінің таза экономикалық мүдделерін дін және шариғат ұрандарымен бүркемеледі», – деп атап көрсетеді (Ходжаев, 1970: 219, 222, 229).

Көріп отырғанымыздай, ең алғашқы басылымдардың авторлары негізінен Түркістан Республикасының партия және кеңес қызметкері В. Куйбышев пен кеңестік Орта Азия республикаларының саяси басшысы Ф. Ходжаев болды. Олар сипатталған оқиғалардың тікелей куәгерлері еді. Бұл шығармаларда мемуарлық сипат байқалады, олар негізінен жеке естеліктерге негізделгендіктен, белгілі бір субъективтілікке ие екені сөзсіз. Дегенмен бұл еңбектердің авторлары басмашылар қозғалысының мәні неде, оның бағыты мен әлеуметтік ерекшелігі қандай болды деген сұрақтарға жауап беру міндетін қойды. Олар оны негізінен таптық күрес теориясы тұрғысынан түсіндірді.

Сонымен, жоғарыда атап өткен еңбектер туралы мынадай тұжырым жасаймыз. Бұл авторлар негізінен кәсіби тарихшылар емес, саяси қайраткерлер болғанымен, олардың сипаттаған оқиғаларында шынайы ғылыми көзқарастың көптеген элементтері қамтылады. Мәселен, басмашылықтың түрі, олардың әлеуметтік негізі, пайда болу себептері және т.б. жан-жақты қарастырылады.

Ферғанадағы басмашылар қозғалысы туралы 1927 жылы Ташкентте басылып шыққан П. Алексеенконың «Крестьянское восстание в Фергане» атты еңбегінде қозғалыстың алғышарттары жан-жақты талданған (Алексеенко, 1927: 6–15, 35).

Ферғана мен Бұхарадағы басмашылар қозғалысының тарихына арналған тағы бір маңызды еңбек ретінде 1924 жылы КСРО-дағы азамат соғысының тарихы туралы мәселені қарастыруға байланысты құрылған Әскери-тарихи комиссияның аясында жарық көрген «Материалы по истории ферганского басмачества и боевых операций в Бухаре» жинағын айрықша атап өтуге болады (Какурин, Зуев, 1924: 160). Ферғана өңірі басмашылығы туралы бөлімді Д. Зуев, Бұхар өңірі басмашылығы туралы Н.Е. Какурин жазған.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы Шығыс Бұхара басмашыларын зерттейтін тағы бір еңбекті Федор Ильютко жазды (Ильютко, 1929: 156). Жұмыста негізінен Лоқай аумағында болған оқиғалар сипатталады. Бұл зерттеу жұмысы кеңестік тарихнамада басмашылар қозғалысына арналған алғашқы толыққанды зерттеу деп санауға болады.

Жалпы XX ғасырдың 30–40-жылдары Кеңес өкіметінің орнауы тарихын зерттеу эстафетасы оқиғаларға қатысушылардан кәсіби тарихшы-зерттеушілерге өтеді. Солардың қатарында Азиз Ниаллоны ерекше атауға болады (Ниалло, 1941: 161). Оның шын есімі – Андрей Владимирович Станишевский: кеңес жазушысы, этнограф, географ, тарихшы-мұрағатшы. Шығыстанушы ғалым Ауғанстан, Иран, Тибет, Памир және Орталық Азия аймақтары бойынша маман болған. Сонымен қатар С.П. Тимошков (Тимошков, 1941: 132), А.И. Зевелев (Зевелев, 1968: 74–83) сияқты белгілі авторлар басмашылыққа қарсы күрес мәселелеріне тоқталды. Осы авторлардың еңбектерінде Кеңес өкіметі орнаған алғашқы

жылдары большевиктік билік органдары тарапынан жіберілген өрескел қателіктер егжей-тегжейлі атап өтіледі. Орта Азияның экономикалық, әлеуметтік және ұлттық саясатындағы бұл қателер басмашылардың қарулы көтерілісіне ықпал еткені туралы ашып көрсетіледі.

1950 жылдардың ортасындағы оқиғалардан және осы кездегі КСРО-дағы жалпы саяси жағдайдағы өзгерістерден кейін, «жылымық» жылдардың орнауына байланысты Орта Азияның жаңа тарихындағы оқиғаларды, соның ішінде Кеңес өкіметінің орнауы мен басмашылыққа қарсы күрес мәселесін бағалау елеулі өзгерістерге ұшырайды. Зерттеуші П. Никишов Қырғызстанның оңтүстігіндегі басмашылар туралы еңбегінде «басмашылардың әлеуметтік сипатына» арнайы тарау арнайды (Никишов, 1957: 130). Автор басмашылар қозғалысын революцияға дейінгі кезеңдегі алғашқы жасақтардың пайда болуынан бастап, 1923 жылғы «түпкілікті жеңілісіне» дейін зерттеп, «басмашылық Орта Азия Ресейге қосылғанға дейін де болған» деп атап, оны нақты деректік материалдармен дәлелдеуге тырысады (Никишов, 1957: 118–120).

1960–1980 жылдардағы тарихи еңбектерде Орта Азиядағы басмашылар қозғалысына қатысты кеңестік тарих ғылымының түпкілікті қорытындылары тұжырымдалады. Ауғанстанда орын алған оқиғаларға байланысты осы кезеңдегі кеңестік авторлардың кейбір еңбектерінде Орталық Азия басмашылары тарихы мен нақ сол уақытта болып жатқан Ауғанстандағы азаматтық соғыс арасында тарихи ұқсастықтар жасауға ұмтылыс байқалады. Сондай-ақ басмашылар қозғалысын қолдаған әлеуметтік топтар қатарынан кеңес тарихшылары ірі феодалдарды, байларды, ру ақсүйектерін, ұлттық буржуазияны, дінбасыларды (вакфтық жерлердің иелері), тайпа көсемдерін анықтайды. Олардың соңынан көп жағдайда тұтас тайпалар ерген деген тұжырым жасалады. Авторлар қозғалыстың шығуын Кеңес өкіметінің Орта Азияда орнауына қарсы реакция ретінде түсіндіреді. Олар басмашылардың идеологиясын діни фанатизммен, ұлттық шовинизммен және феодалдық мүдделермен байланыстырады (Зевелев, Поляков, Шишкина, 1986: 253; Юсупов, Лунин, 1981: 168; Ким, Хасанов, 1989: 141–150).

Посткеңестік Ресейдің тарих ғылымындағы басмашылар мәселесіне келетін болсақ, КСРО ыдырағаннан кейін жарық көрген еңбектерде мәселе басқа қырынан зерттеле бастады. Мұндай шығармалар салыстырмалы түрде аз, бірақ олар кеңестік кезеңнен айырмашылығы, басмашылар қозғалысы туралы мүлдем басқаша түсіндірмелер береді. Мәселен, Лоқай (Шығыс Бұхара) басмашыларының этникалық ерекшеліктері, оның тарихи болмысы, жергілікті халықтың фольклорындағы басмашылар, жаңа құжаттар мен мұрағат деректері негізінде Шығыс Бұхара басмашылығы тарихындағы оның екі басты кейіпкері – Ибрагим Бек Локайский (1889–1932) мен Ысмайыл Әнуэр-пашаның (1880–1922) рөлі жан-жақты қамтылған (Медведьев, 1992: 122–158; Ганновский, 1994: 60–64; Ганновский, 1994: 59–61). Аталған зерттеулерде басмашылық тек Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған контрреволюциялық ұлтшылдық қозғалыс ретінде ғана емес, сонымен бірге бұрынғы қоғамдық тәртіпті, бұрынғы тұрмыс пен рухани өмірді қорғауға және сақтап қалуға бағытталған қозғалыс ретінде бағаланды.

Өзбекстандық тарихшы Д. Зияева өз зерттеуінде «сталиндік» тарихнаманың Азамат соғысы оқиғаларына және Орталық Азиядағы басмашыларға қарсы күресті көрсетуде жіберген «өрескел қателері» туралы жан-жақты айтты (Зияева, 1999: 64).

Әсіресе А.И. Пылевтің зерттеулері мен кандидаттық диссертациясын ерекше атап өтуге болады (Пылев, 2007: 153; Пылев, 2003: 29–36).

Орта Азиядағы Кеңес өкіметінің орнауы мен оларға қарулы қарсылық көрсеткен басмашылар қозғалысы мәселесіне шетел зерттеушілері де назар аударған. Әдетте олардың тұжырымдамалары кеңестік ғалымдардың еңбектеріндегі ұғымдардан айтарлықтай ерекшеленеді және олардың барлығын бір мақала көлемінде атап көрсету мүмкін емес (Brookip, 1983: 57–81; Olcott, 1981: 352–369).

Бұлардан бөлек, басмашылар қозғалысын ұлт-азаттық күрес ретінде бағалап, оларды «қарақшылар» деп сипаттауды кеңестік идеологияның ықпалы деген тұжырым жасаған Эдвард Олвордтың (Allwort, 1989: 395) және қозғалысты исламдық жаңғырумен

байланыстырып, оны кеңестік секуляризацияға (қоғамдық өмірдің діни негіздерден ажырап, зайырлы сипатқа көшу үрдісі) қарсы әрекет ретінде түсіндірген Александр Беннингсеннің (Benningsen, Wimbuch, 1985: 261) зерттеулерінің маңызы зор.

### **Зерттеу нәтижелері**

Орталық Азиядағы басмашылар қозғалысының даму эволюциясын қарастыруды бастамас бұрын, басмашылық ұғымының өзіне және бұл терминнің шығу тарихына, сонымен қатар оның зерттеу әдебиеттерінде пайда болуына қысқаша тоқталып өткен жөн. Әдебиеттерге шолудан көрініп тұрғандай, қазіргі уақытта отандық және шетелдік зерттеу әдебиеттерінде бұл сөз XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азия тарихындағы белгілі бір әлеуметтік құбылысты білдіретін жалпы қабылданған термин ретінде қолданылып жүр. Алайда бұл ретте орыс тіліндегі «басмач» сөзінің шығыстық және түркілік түбірі бар екенін еске түсіріп, оны баса атап өтуіміз керек. Ол түркі тіліндегі «бас» етістігінен жасалған және оның мағыналары айтарлықтай кең: басу, жаншу, таптау, шабуылдау (көбінесе тонау мақсатында). Түркі тілдерінің көпшілігінде «басмачи» (немесе «басмаджи») сияқты естілетін бұл сөз сол түбірден шыққан, яғни «шабуыл жасаушы» деген ұғымды білдіреді.

«Басмашылар» термині Орта Азияның, яғни оның Ресейге қосылған бөлігінің қоғамдық өмірінде алғаш рет XX ғасырдың басында пайда болды. Ол аймақтың әлеуметтік жағдайлары мен ерекшеліктерінен туындаған және бастапқыда саяси реңкі жоқ ерекше «қарақшылық құбылысқа» қатысты қолданылды. Дәл осы түсіндірме белгілі шығыстанушы П. Остроумовтың 1910 жылы Ташкентте басылып шыққан «Этимология сартовского языка: Для курсов при Ташкентском отделении Императорского Общества востоковедения» атты еңбегінде кездеседі. Жергілікті халық арасында «басмашы» термині «әскери топтарға» ешқандай қатысы жоқ, ол қылмыстық элементтерге қатысты қолданылды (Абдуллаев, Агзамходжаев, Алимов, 2000: 165). Түркістанның тумасы, соғыс жылдары тұтқынға түскен және сол жақта қалған белгілі еуропалық зерттеуші Баймырза Хаит өзінің әйгілі «Басмачи: Национальная борьба в годы 1917–1934» (Баймырза Хаит, 1993: 5–15) монографиясының кіріспе бөлімінде терминнің шығу мәселесіне жан-жақты тоқталған. Ол революцияға дейінгі патшалық Ресейде де, КСРО-да да шыққан түркі тілдерінің белгілі сөздіктерінің барлығында бұл терминнің «бандит», «қарақшы», «тонаушы» деген мағынаны білдіретіндігі туралы мәліметтің жоқтығын айтады. Бұл сөздіктерде тек «басмашылар қозғалысына қатысушы» дегенді білдіреді. Зерттеуші бұл терминді осылайша 1917 жылғы революциядан кейін Орта Азияда басталған ұлт-азаттық қозғалысына қатысты алдымен орыс большевиктері, содан кейін кеңес тарихшылары жасанды түрде енгізген деген қорытындыға келеді. Алайда, біздің ойымызша, бұл мәселе әлі де айқындауды және одан әрі зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар біздің зерттеуімізде көрсетілгендей, қарапайым қарақшылар мен қылмыскерлерді саяси себептермен күрескен басмашылардан ажырату қиын болды. Қозғалысқа қатысушылардың өздерін мұндай терминмен атамағаны – талас тудырмайтын даусыз факт.

Орта Азиядағы басмашылар қозғалысы 1918 жылдан 1930 жылдардың басы аралығын, яғни Кеңес өкіметі онымен белсенді күрес жүргізген кезенді қамтиды. Осылайша, басмашылар қозғалысының әскери-саяси реңк алған бастапқы уақыт межесі аймақта Кеңес өкіметінің орнауымен байланысты болып саналды. Ол алдымен Түркістан өлкесінің аумағында, содан кейін Ресей империясының бұрынғы протекторат мемлекеттері болған Бұхара әмірлігінде және Хиуа хандығында орын алды. Ал басмашылар қозғалысының аяқталуының соңғы уақыты дәл анықталғандығы белгілі. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Ұлы Отан соғысы жылдарында ғана Орта Азия аумағындағы басмашылық толық жойылды, бұл бүгінгі күнге дейін жарияланған мұрағаттық құжаттармен расталды.

Сонымен, қозғалыстың қайнар бастауы революцияға дейінгі уақытқа барып тіреледі. Ол бастапқыда әлеуметтік мәнде көрініс тапса, ал 1917 жылдары орын алған Ақпан және Қазан төңкерістері нәтижесінде қалыптасқан аймақтың әлеуметтік шындығына және оның әртүрлі географиялық жергілікті ошақтарындағы әлеуметтік-саяси жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты саяси мәнге ие болды. Кеңестік, батыстық және қазіргі Орта Азия

зерттеушілерінің еңбектерінде қозғалыстың әртүрлі аймақтық ерекшеліктері әрдайым байқалады.

Мәселен, олар Орта Азиядағы басмашылар қозғалысының негізгі үш ошағын атап өтеді: олардың арасында Ферғана, Бұхара, Хорезм (Хиуа) басмашылық ошақтары ерекше көзге түсті. Кейбір кезде Самарқан ошағы мен қазіргі Түркіменстан аумағындағы басмашылық та бөлек қарастырылады (Василевский, 1930: 132). Соңғысына Маңғыстаудағы қазақтың адай руларының да қатысқандығы туралы мәлімет бар. Бұл келешекте арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе ретінде атап өтіледі. Мақаламыздың негізгі зерттеу объектісі – басмашылық қозғалыстың қайнар бастауы мен оның қалыптасу мәселесі екенін баса айтамыз. Сондықтан Кеңес өкіметіне қарсы кең ауқымда орын алған саяси қозғалыстың тарихы, оған адай руларының қатысуы, басмашылар мен бейбіт тұрғындардың қарым-қатынасы, қозғалыстың әлеуметтік негізі, саяси бағыты мен идеологиясы, сондай-ақ басмашылар қозғалысына шетелдік мемлекеттердің (Ұлыбритания, Түркия, Германия) ықпалы мен ұстанған саясаты бір мақаланың көлеміне сыймайтын ауқымы кең мәселелер болып табылады.

Аталған шетелдік мемлекеттердің басмашылар қозғалысына қатысты ықпалы, атап көрсеткеніміздей, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақытта көрініс тапты. Мәселен, Британ империясы үшін Орта Азия аймағы, ең алдымен, оның Үндістандағы отарлық иеліктерінің қауіпсіздігі тұрғысынан маңызды болды. Ресей империясы ыдырағаннан кейінгі саяси жағдайдың өзгеруі Ұлыбританияның бұрынғы Ресей империясының иелігі болған Орта Азияның есебінен өзінің ықпал ету аясын кеңейтуге күш салуына түрткі болды. Әрине, аймақта пайда болған тұрақсыздықты пайдалана отырып, олар басмашылықты Кеңестік Ресейге қарсы бағыттағы қозғалыс ретінде аймақта өз позицияларын нығайту мақсатында пайдалануға тырысты.

Орта Азия аймағымен тікелей шекарасы жоқ Түркия көптеген тарихи және этномәдени себептерге байланысты түркі әлемінің көшбасшысы болды. Бұрынғы Осман империясының Ресейдің Орта Азия территорияларына қатысты ұстанған саясаты 1923 жылы Түркия Республикасы жарияланғаннан кейін де жалғасын тапты. Бұл үрдістің қозғаушы күші 1920 жылдары Орта Азиядан келген либералды-буржуазиялық зиялы қауым өкілдерін және басмашылар қозғалысына тікелей қатысқан көптеген саяси эмигранттарды қабылдауымен байланысты болды. Олар Түркияға келгеннен кейін де КСРО-дағы түркітілдес халықтарды кеңестік қызыл империализм бұғауынан босату жоспарлары мен идеяларын жалғастырды. Олар «Түркістан Ұлттық бірлестігі» (ТНО) ұйымын құрып, «Yeni Türkistan» («Жаңа Түркістан») журналын шығарды. Журналда Түркістанның саяси эмиграциясының өкілдерінен басқа, оның ішінде А.З. Валиди Тоған, М. Шоқай мен Усман Ходжаев (түрікше Осман Кожаоглу), сондай-ақ басмашылар қозғалысының бұрынғы қатысушылары Шир Мұхаммед-бек, Хамрахкул-бек, Мамур-бек Пиязи және т.б. қызмет атқарды. Журналдың идеологиялық бағытына қатысты Әнуэр-паша туралы және оның Түркістандағы қызметінің қорытындысы туралы естелік ретінде жазылған мына жолдар өте айқын әрі объективті түрде берілген баға болып табылады: «Әнуэр-паша шетелде емес, өз Отанында, бауырлас Түркістанда жамандық пен жауыздыққа қарсы күресті және түрікшілдік жолында өмірін құрбан етті» (Пылев, 2007: 114).

Әнуэр-пашаның Орта Азияға келуі мен басмашылар қозғалысына басшылық етуі жеке қарастыруды қажет етеді. Сонда да қысқа қайырсақ, Кеңестік Ресей Әнуэр-пашаның ерекше беделін пайдалана отырып, Мұсылман Шығысындағы большевиктердің ықпал ету аясын кеңейтуге және аумақтағы ағылшын саясатына қарсы пайдалануға тырысты. Ал Әнуэр-паша Орта Азиядағы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына жетекшілік ету арқылы өзінің түркі әлемінде Мұстафа Кемалдан кем емес маңызды саяси қайраткер екенін дәлелдеуге үміттенді. Ол алыс болашақта басмашылардың әскери күштерінің ықтимал көмегін пайдалана отырып, пантүркілік идеяларды насихаттауды және Ауғанстанға көмек беруді ойластырып, Орта Азия территориясында Бұхара, Хиуа және Түркістан (Кеңестік және Қытайлық) кіретін тәуелсіз Түркі мемлекетін құруды жоспарлады. Одан кейін Түркияның өзін қолға алуды көздеді.

1920 жылдардағы басмашылар қозғалысы ең жоғары өрлеп, қызу жүріп жатқан кезеңде Германияның Орта Азия аймағына және жалпы Орта Шығысқа қатысты ықпалы байқалмады. Тек КСРО-ға шабуыл жасауға дайындық кезеңінде осы бағыттағы және осы өңірдегі саясатын едәуір жандандырады. Бұрынғы басмашылардың көмегімен таза диверсиялық акцияларды дайындаудан басқа, Германия үкіметі Батыс Еуропа территориясында Орта Азияның саяси эмиграциясын кеңінен қолданды. Оны Мұстафа Шоқай, Вели Каюм-хан, сондай-ақ тұтқынға түскен Баймырза Хаиттің мысалынан анық көреміз.

Сонымен, зерттеу объектімізге қайта оралсақ, ғылыми зерттеулер басмашылар қозғалысының этникалық, ру-тайпалық, сайып келгенде, әр түрлі аймақтардың географиялық жағдайлары мен ерекшеліктерімен тығыз байланысты әлеуметтік құбылыс болғанын атап көрсетеді. Оның шығу тегі қозғалыстың әр түрлі географиялық орталықтарына байланысты екі түрлі бағытта пайда болған: біріншісі – әлеуметтік-экономикалық; екіншісі – этникалық тұрғыда көрініс тапқан. Сондықтан басмашылар қозғалысының шығу тегін және аймақтық жағдайларын жеке-жеке тарқатып өткен дұрыс.

#### *1) Ферғана жазығы басмашылары.*

Басмашылардың Ферғана алқабында пайда болуының ерекшеліктері мен жағдайлары туралы айтатын болсақ, оның бастаулары аймақтың сонау ХІХ ғасырдың екінші жартысында Түркістанда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Патша үкіметінің аймақты мақта шикізатының базасына айналдыру әрекеті дәстүрлі ортаазиялық қоғамдағы таптық дифференциацияның күрт өсуіне алып келді. Негізгі орталықты Орта Азиядағы дамыған егіншілікке қолайлы жердің жоғары сапасымен ерекшеленетін Ферғана облысы алып жатты. Капитализмнің алғашқы нышандарының пайда болуымен жергілікті өңірде тауарлық мақта дақылдарын өсіру күрт өсті; әдетте, бұрынғы тайпалық ақсүйектер мен жалға алушы-шаруа өкілдері болған байлар пайда табудың оңай жолы – өсімқорлыққа бет бұрды. Соның нәтижесінде Түркістан халқының басым көпшілігінің, яғни ұсақ жер иелері мен жерді жалға алушылардың жағдайы айтарлықтай нашарлады. Өйткені олар мақта бағасына тәуелді болды. Мақта бағасы болса, азық-түлік өнімдерінің бағасына қатысты ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде төмендеді. Бастапқыда экономикалық жағдайға байланысты туындаған халықтың наразылығы патша үкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты ұлттық факторлармен, яғни Ферғана өлкесінде көптеген орыс қоныстарының пайда болуымен және оларды әділетсіздікпен жермен қамтамасыз ету салдарынан бірте-бірте шиеленісе бастады. Қоныс аударушыларға жер телімдері көбінесе жергілікті өзбек немесе отырықшы қырғыз халқының есебінен беріліп отырды. Әдебиеттер мен құжаттарда жергілікті патша әкімшілігінің Ферғана алқабындағы қоныстанушылар мен жергілікті халық арасындағы көптеген қақтығыстары, кейде оның қарулы сипатқа ие болғаны туралы хабарламаларды жиі кездестіруге болады (Алексеев, 1927: 7–9).

Жергілікті халықтың наразылығының шарықтау шегі ретінде 1885 және 1895 жылдардағы көтерілістерді атап өтуге болады. Көбінесе Ресейге қарсы сипат алған көтерілістердің ішінде 1898 жылғы «Әндіжан көтерілісі» ерекше орын алады. Экономикалық жағдайдың нашарлауын жергілікті халық көп жағдайда бұл аймаққа орыстардың келуімен байланыстырды. Көтерілістің идеологиялық негіздемесін биліктен шеттетілген Қокан хандарының бұрынғы шенеуніктері, сондай-ақ аймақтың Ресейге енуі нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық позициялары айтарлықтай шайқалған дәстүрлі және дәстүрлі емес мұсылман дінбасылары жасап берді. Патша өкіметі ұйымдастырған комиссиялардың жер қатынастарын реттеу және кейіннен жергілікті халыққа жоғалтқан, айырылған жерлері үшін өтемақы төлеу (бір десятина үшін 20 сом) әрекеттері орын алған қайшылықтарды уақытша ғана басқанымен, оны толықтай жоя алмады. Өңірдегі ұлтаралық қатынастарға әсер еткен осындай теңгерімсіздік, әділетсіздік аймақтың дамып келе жатқан өнеркәсібінде де, мәдени-ағарту саласында да байқалды. Барлық әлеуметтік-экономикалық және ұлттық қайшылықтарды 1914 жылы басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс және одан кейін Еуропалық Ресейден жеткізілетін азық-түлік бағасының өсуі, әсіресе патша үкіметінің 1916 жылдың жазында Түркістан өлкесінің мұсылман халықтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру

туралы жарлығы айтарлықтай шиеленістірді. Бұл жарлық шын мәнінде 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстанды шарпыған көтеріліске тікелей себеп болды.

Көтерілістің себептеріне жоғарыда аталған әлеуметтік және ұлттық қарама-қайшылықтар, ХХ ғасырдың басында жергілікті халықтың өмір сүру жағдайының күрт төмендеуі, отарлық саясаттың күшеюі жатты. Көтерілістің кейбір идеологтары, атап айтар болсақ, өңір Ресей құрамына кіргеннен кейін экономикалық және идеологиялық жағынан зардап шеккен ықпалды ақсүйектер мен дәстүрлі дінбасылар топтары, сондай-ақ жергілікті ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі өлкеде орын алған ауыр тұрмысқа, жергілікті халықтың кедейленуіне көшіп келген орыстарды кінәлі ретінде көрсетуге ұмтылды. Бұл өз кезегінде халықтың аз қамтылған топтары арасында қолдау тапты. Алайда, біздің ойымызша, 1916 жылғы көтерілісті өзінің бағыты бойынша таза Ресейге қарсы деген қорытынды жасауға болмайды. Айта кету керек, жаңа мұсылман элитасын құрайтын және аймақтың орыс әкімшілігімен байланысқан сауда және өсімқорлық капиталдың жергілікті өкілдері, ірі жер иеленушілер (мақта плантацияларының иелері) және зауыт иелері бастапқыда көтерілісті қолдамады. Керісінше, патша үкіметіне көмектесіп, оның басылуына ықпал етті. Өйткені соңғы жылдары жергілікті диқандардың кедейленуіне Түркістан халқының осы аталған топтары тікелей кінәлі болған еді. Шаруалар көтерілістерінің табиғаты осылайша ұлттық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік және таптық негіздерге де ие болды. Алайда кейінірек, Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда бұрынғы ескі мәселелер мен қайшылықтардың шешілмеуі және Кеңес өкіметі саясатының салдарынан туындаған жаңа мәселелердің қосылуы нәтижесінде дәл осы қарсыласу әлдеқайда үлкен мәнге ие болды. Олар ұлттық-саяси сипатқа ие болып, басмашылар қозғалысының қалыптасуы мен дамуына негіз болды.

Көтеріліс ақырында басылды, бірақ Түркістан өлкесіндегі ұлтаралық және әлеуметтік қатынастардағы шиеленіс одан кейінгі 1917 жылдары болған Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін қайта жалғасты. Осылайша жыл бойына патша әкімшілігі әдетте өлкенің «қарақшылық шабуылы» деп баға берген әртүрлі наразылықтардың жалпы саны 547-ні құрады, оның 324-і тек Ферғана облысында орын алды (Пылев, 2007: 42).

ХХ ғасырдың басындағы Ферғана өлкесінің этносаяси ерекшеліктері де әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтарға негізделді. «Орыс қоныстанушылары – жергілікті (байырғы) халық» деген қайшылықтардан басқа, «өзбек – қырғыз» тұрғысынан ұлттық қайшылықтарды да анықтауға болады. Айта кетуіміз керек, Ферғана жазығындағы бұл ұлтаралық қайшылықтар бүгінгі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ.

Қарастырып отырған кезеңде дәстүрлі түрде мал шаруашылығымен айналысатын өлкенің қырғыз халқы өткен ғасырларда өсіп келе жатқан, сол кездегі негізінен отырықшы өзбек халқының әсерінен өзендердің жағаларынан және аңғарлардан әдетте жайылымдық сапасы төмен тауларға ығыстырылды. Бұл жағдай бұрынғы қырғыз малшыларын не егіншілікке көшуге, немесе жаңа жайылымдар іздеуге мәжбүр етті. Себебі ХХ ғасырдың басына қарай Ферғана өңірінде бос жерлер толық дерлік болмаған. Аталған жағдайлар, біз көріп отырғанымыздай, ұлттық негіздегі ықтимал әскери қақтығыстардың себептерін айқындады (Поляков, 1993: 33). Кейіннен бұл қайшылықтардың барлығы Ферғана өлкесіндегі басмашылар қозғалысының қоғамдық-саяси эволюциясының ерекшеліктеріне де әсер етті.

## 2) Бұхара аймағы.

Басмашылықтың пайда болған екінші ірі ошағы Бұхара аймағындағы Лоқай жері болды. Осы уақытта Ресей империясының тікелей құрамына кірмеген және онымен тек «Протекторат» туралы келісіммен байланысты болған Бұхара әмірлігінің аумағында Ресей империясы мен орыс капитализмінің ықпалы анық байқала бастады. Бірақ ол әмірліктің бүкіл аумағында бірдей болмады. Мысалы, Түркістан генерал-губернаторлығына кіретін аумақтарға қарағанда, әдетте, әлсіз сезілді. Өйткені олар патриархалдық-феодалдық деңгейде қалған еді. Сонымен қатар әмірліктің жартылай тәуелсіз сипаттағы әртүрлі бектердің иеліктерінен тұратын шығыс бөлігі іс жүзінде әмірдің орталық билігіне бағынбады.

Орталық үкімет тек қазынаға салықтардың тұрақты түсуіне мүдделі болды және оны әкімшілік басқару мәселелеріне, яғни жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеруге, әлеуметтік

маңызы бар нысандарды салуға және т.б. ынталы болмады. Аумақты мекендеген өзбек тайпаларының көпшілігі өз шаруашылығының негізі ретінде жартылай көшпелі мал шаруашылығын сақтап қалды. Сонымен қатар Шығыс Бұхара халқының әмірліктің басқа аймақтарымен салыстырғанда этникалық айырмашылығы да байқалды. Әсіресе Шығыс Бұхара аймағының шегінде географиялық және этникалық жағынан ерекше аумақ Лоқай аңғары немесе Лоқай провинциясы болды. Бұл аймақта рулық бөлініс пен некенің эндогамдық түрін сақтаған лоқай тайпасы мекендеді. Эндогамия – гректің «endon» (ішкі) және «gamos» (неке) сөзінен шыққан. Бұл тайпаның ішінде, оған кіретін ру мүшелерінің арасында некелесу ғұрпын білдіреді. Ол алғашқы қауымдық қоғамда пайда болған. Бұл орайда ру экзогамды, ал тайпа эндогамды болған. Кейінгі кезеңде көптеген халықтарда, мысалы, малагасиялықтарда, бантудың бір бөлігінде, арабтарда, өзбектерде, туарегтерде осындай неке түрі кеңінен тараған. Эндогамияның пайда болуы жақын, туыс адамдардың өз ішінде мүлікті сақтап қалуға ұмтылушылығынан туындады, өйткені мұсылмандарда көп қалыңмал мен жасау талап етілді. Лоқайлықтар басқа өзбектер мен тәжіктерден бөлек өмір сүрді. Олар өзбектер мен тәжіктерді «аралас халықтар» деп санап, ал өздерін «таза қанды өзбектерміз» деп есептеді.

Бұл көзқарас сонау Шағатай ұлысында XIV ғасырдың бірінші жартысында-ақ қалыптасқан дәстүр еді. Ұлыс тұрғындары Мауереннахрдағы шағатайлықтар мен елдің шығысындағы Жетісу мен Қашғардағы моғолдар деп екі топқа бөлінді. Моғолстанды мекендеген ру-тайпалар ортақ «моғол» деген атаумен аталғанымен, ара-тұра «жете» деп айтылса, ал Мауереннахрдағы шағатайлықтар «караунас» атауымен аталды. Нәтижесінде көшпелі дәстүрді сақтаған Жетісудағы моғолдар мен отырықшы дәстүрді қабылдаған Мауереннахрдағы шағатайлықтар арасында өзара жаулық көзқарас қалыптасты. Мауереннахрдағы шағатайлықтар моғолдарды «жете» (чете) десе, ал Жетісудағы моғолдар шағатайлықтарды «караунас» деп атап, бір-бірін мұқатуға, кемсітуге тырысқан (Мұхаммед Хайдар Дулати, 2003: 169). Бұл атаулардың мағынасы мынадай: «жете» түркі тілінде – көшпелі өмір салтын сақтаған, «карақшы», «кезбе», «қаңғыбас»; ал «караунас» араб тілінде – көшпелі өмір салтын ұмытып, отырықшылыққа ауысқан, «метис», «аралас», «аралас некеден туған» дегенді білдіреді (Мирза Мухаммад Хайдар, 1996: 677–678).

Лоқайлардың арасында да өздерінің тайпалық бөліністері болды. Лоқайлар тайпа атауының шығуын Вахш пен Кафирниган өзендерінің аңғарлары арасына әскерлерімен тоқтаған Шыңғыс хан қолбасшыларының бірінің атымен байланыстырады. Куәгерлердің айтуынша, «Орта Азиядағы барлық өзбектердің ішінде тек лоқайлар ғана моңғолдың бет-әлпетін... үстемдік пен тәуелсіздікке ұмтылысты барынша сақтаған» (Ильютко, 1929: 28). Лоқай дербес бектік иелік ретінде 1873 жылға дейін өмір сүрді, оны лоқайлықтардың ең күшті Исап-қожа есімді бегі басқарды және ақырында патшалық Ресейдің әскери көмегі арқылы ғана Бұхара әмірлігіне бағындырылды. Бірақ одан кейін де Бұхар әмірі бектерді, яғни Лоқай билеушілерін аса күшті Лоқай тайпаларының өкілдерінен тағайындауға мәжбүр болды. XX ғасырдың басына дейін Лоқай тайпалары өз тәуелсіздігін ішінара сақтап қалғандығын атап өтеміз.

«Орталық Бұхара үкіметімен шиеленісті қарым-қатынастан басқа, көшпелі лоқайлар негізінен егіншілікпен, бау-бақшамен және саудамен айналысатын тәжік халқымен тұрақты жаулық қатынасымен де ерекшеленді, сонымен қатар жергілікті тәжік тұрғындарына жиіркенішті көзқараста болды» (Пылев, 2007: 44).

Осылайша, бұл аймақтағы әлеуметтік-таптық негіздегі наразылықтың көріністері негізінен орталық Бұхара үкіметінің салық саясатымен және осы саладағы биліктің озбырлығымен байланысты болды. Халық биліктің саясатына үнемі көтерілістермен жауап берді. Көтерілістер күшпен басылғанымен, куәгерлердің айтуынша, революцияға дейінгі соңғы жылдары үнемі дерлік жергілікті халықтан, әлбетте, лоқайлықтардан тұрған қарулы топтар пайда болып, қарсылықтар орын алып отырды. Бұл бағынбау әрекеттері негізінен саудагерлерді тонаудан тұрса да, ірі бектердің мүддесі зиян шеккен жоқ. Өйткені тәртіп өкілдерін, бектің адамдарын әдетте қарулы топтың басшылары тоналған олжадан түскен сыйлықтармен сатып алатын еді. Бұл құбылыстар сол кездегі аймақта қалыптасқан әлеуметтік

шындықты тудырғанын, сонымен қатар болашақта Бұхара басмашыларының эволюциясы мен ерекшеліктеріне өз әсерін тигізгенін көрсетеді. Бұл жағдай 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де Шығыс Бұхараның саяси-әлеуметтік өміріндегі лоқай басмашылығының тамыры тереңде жатқанын айқын көрсетті.

Лоқайлықтардың бұндай іс-әрекетін КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі посткеңестік елдерде, соның ішінде Қазақстанда кеңінен тараған ұйымдасқан топтардың (рәкет) әрекеттерімен салыстыруға болатын сияқты. Әрине, тарихи контекст пен қоғамдық өзгерістердің айырмашылығын ескеру қажет. Дегенмен бұл ұқсастық аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы мен билікке сенімсіздіктің тарихи тамырларын көрсетеді.

### 3) Хиуа өңірі.

Басмашылардың таралуының үшінші орталығы Хиуа хандығының, яғни Хорезм аумағында болды. Оның қалыптасуына этносаяси қайшылықтар факторы ең көп әсер еткен болатын. Бұл құбылыс кейіннен Хиуа басмашылығының әскери-саяси эволюциясына айтарлықтай әсер етті. Мәселе негізінен Хиуа оазисіндегі отырықшы өзбек пен көшпелі немесе отырықшылыққа көшкен түрікмен халықтарының арасындағы қайшылықтар туралы болып отыр. Өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, яғни суармалы жерлер, жайылымдар мен су көздері үшін күреске байланысты өзбек-түрікмен қайшылықтарының факторы XIX ғасыр және XX ғасырдың басындағы Хиуа хандығының саяси өмірінің бүкіл дерлік эволюциясын анықтады (Пылев, 2005: 72–77).

Өзбек-түрікмен текетіресінде және тұтастай алғанда хандықтың саяси өмірінде (және кейіннен құрылған Хорезм Кеңес Республикасында) басшылық еткен түрікмен-жәуміт тайпасының көсемі Жунайд ханның бейнесі ерекше сомдалды. Оның толық аты-жөні – Мұхаммед-Құрбан Сердар. Шыққан тегі бойынша ол бай түрікмен ақсүйектеріне жатады. Оның өмір жолы Хиуа ханының әскерінде қатардағы салт атты сарбаз болудан басталып, кейін әскери жетістіктері үшін күзет командирі деңгейіне жетті; ал 1912 жылы ол ханнан шөлге қашып кетіп, өзінің жеке әскери жасағын ұйымдастырды. Оның түрікмендерден құралған жеке отряды керуендерді, сондай-ақ отырықшы өзбек және қарақалпақ халқын бірнеше сәтті тонауларымен танымал болды. Ол табысқа жеткен сайын ізбасарларының саны өсті. Хиуа билігімен кейінгі қақтығыстарында ол «сердар» («басшы» деген мағынада) атағын алып, Хиуадағы езілген түрікмен халқының күрескері және қорғаушысы ретінде атақ-даңққа бөленді. Сайып келгенде, жәуміт тайпасының көсемі атағын алған оның жеке қарулы күштерінің саны бірнеше мың салт аттыға жетті (Кутяков, 1930: 37). Жунайдтің түрікмендер арасындағы атақ-даңқы мен беделіне оның сол аймақтағы егіншілік оазистеріне сәтті жорықтары мен Хиуа ханына қарсы сәтті әскери қимылдарының арқасында жоғары әлеуметтік мәртебеге жетуі де себеп болды. Нәтижесінде, болашақта оның осы аймақтағы Кеңес өкіметіне қарсы басмашылар қарсылығының жалпы мойындалған ортақ тұлғасына айналуы уақыт еншісіндегі нәрсе еді.

### Қорытынды

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Орта Азияның әртүрлі аймақтарындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, этникалық өмірдің ерекшеліктері басмашылар қозғалысының пайда болуы мен қалыптасуына алып келді. Ал 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта орын алған саяси дүмпулер басмашылар қозғалысының дамуына, өрлеуіне негіз салып үлгерді және оның Кеңес өкіметіне қарсы күресте жергілікті халықтың арасында ерекше ықпалы болды. Себебі жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларының жалпы нашарлауына алып келген Ферғанадағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен аймақтың экономикалық дамуындағы теңгерімсіздіктер Кеңес өкіметі орнағанға дейін-ақ іштей қайнап, пісіп жетілген еді. Ал Шығыс Бұхара мен Хиуадағы басмашылықтың пайда болуы мен қалыптасуына аймақтың жалпы әлеуметтік-экономикалық артта қалуы, географиялық шалғайлығы мен оқшаулануы үлкен әсер етті. Сонымен қатар, бұл жағдай бақташылық пен егіншілікпен айналысатын халықтың мүдделер қақтығысынан туындаған этникалық

қайшылықтармен де күрделене түсті. Нәтижесінде, 1917 жылдан кейін Орта Азиядағы оқиғалардың әсерінен, азамат соғысы кезінде және кейінірек 1920-30 жылдары орын алған оқиғалардың негізінде айрықша қарқынмен дамыған әлеуметтік шиеленіс барысында басмашылар қозғалысы жаңа сипатпен көрініс тапты. Яғни, ол антикеңестік саяси бағыттағы ұлт-азаттық күреске ұласты.

### Sources

RSMA — Russian State Military Archive

### Дереккөздер

РФМӘА — Ресей Федерациясының Мемлекеттік әскери архиві

### References

- Abdullaev, Agzamkhodzhaev, Alimov et al., 2000 — *Abdullaev P.M., Agzamkhodzhaev S.S., Alimov I.A.* et al. *Turkestan v nachale XX veka. K istorii istokov natsional'noy nezavisimosti* (Turkestan at the early 20th Century: On the Origins of National Independence). Tashkent, 2000. 165 p. [In Russ.].
- Alekseenko, 1927 — *Alekseenko V.P.* *Krest'yanskoe vosstanie v Fergane* [Peasant Uprising in Fergana]. Tashkent: Sredazkniga, 1927. 104 p. [In Russ.].
- Allworth, 1989 — *Allworth E.A.* *The Modern Uzbeks: From the Fourteenth Century to the Present – A Cultural History*. Stanford: Hoover Institution Press, 1989. 432 p. [In Eng.].
- Baimyrza Khait, 1993 — *Baimyrza Khait*. *Basmachi: Natsional'naya bor'ba v gody 1917–1934* (Basmachi: The National Struggle in the Years 1917–1934). Köln, 1993. 236 p. [In Russ.].
- Bennigsen, Wimbush, 1985 — *Bennigsen A., Wimbush E.* *Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for the Colonial World*. Chicago: University of Chicago Press, 1985. 261 p.
- Broxup, 1983 — *Broxup M.* *The Basmachi // Central Asian Survey*. Oxford, 1983. Vol. 2. No. 1. Pp. 57–81. [In Eng.].
- Chokayev, 2001 — *Chokayev M.* *Otryvki iz «Vospominaniy o 1917 gode»* (Excerpts from «Memoirs of the Year 1917»). Tokyo–Moscow, 2001. 237 p. [In Russ.].
- Gannovskiy, 1994a — *Gannovskiy Yu.* *Personazhi s «toy storony»*. Ibragim-bek Lokay (1889–1932) (Figures from «the Other Side»: Ibragim-bek Lokay (1889–1932)) // *Aziya i Afrika segodnya*. M., 1994. No. 4. Pp. 60–64. [In Russ.].
- Gannovskiy, 1994b — *Gannovskiy Yu.* *Personazhi s «toy storony»*. Enver-pasha sredi basmachey (Figures from «the Other Side»: Enver Pasha among the Basmachi) // *Aziya i Afrika segodnya*. M., 1994. No. 5. Pp. 59–61. [In Russ.].
- Iyutko, 1929 — *Iyutko F.* *Basmachestvo v Lokaye* (Basmachism in Lokay). M.–L.: Gos. izd-vo, 1929. 156 p. [In Russ.].
- Izvestiya, 1921 — *Izvestiya*. Organ TsIK TsKPKP Turkestanskoy respubliki (Organ of the Central Executive Committee of the Communist Party of Turkestan Republic). 1921. No. 80, 86, 94, 96, 124, 126, 166. [In Russ.].
- Kakurin, 1924 — *Kakurin N.E.* *Boyevye operatsii v Bukhare (1922 g.)* (Combat Operations in Bukhara (1922)) // *Grazhdanskaya voyna. Materialy*. Vol. III. Moscow, 1924. pp. 90–159. [In Russ.].
- Kakurin, Zuev, 1924 — *Kakurin N.E., Zuev D.* *Materialy po istorii Ferganskogo basmachestva i boyevykh operatsiy v Bukhare* (Materials on the History of the Fergana Basmachi Movement and Combat Operations in Bukhara). Moscow, 1924. Vol. 3. 160 p. [In Russ.].
- Khodzhaev, 1970 — *Khodzhaev F.* *K istorii revolyutsii v Bukhare* (On the History of the Revolution in Bukhara) // *Khodzhaev F. Izbrannye trudy*. Tashkent, 1970. Vol. 1. Part 2. 498 p. [In Russ.].
- Kim, Khasanov, 1989 — *Kim P., Khasanov M.* *Basmachestvo: 1921–1924 gg.* (The Basmachi Movement: 1921–1924) // *Zvezda Vostoka*. 1989. No. 6. pp. 141–150. [In Russ.].
- Kutyakov, 1930 — *Kutyakov I.S.* *Krasnaya konnitsa i vozdushnyy flot v pustynakh* (Red Cavalry and Air Fleet in the Deserts). Moscow–Leningrad: Gos. izd-vo, 1930. 216 p. [In Russ.].
- Kuybyshev, 1920 — *Kuybyshev V.* *Basmacheskiy front* (The Basmachi Front) // *Zhizn' natsional'nostey*. 1920. No. 16. pp. 24–41. [In Russ.].
- Medvedev, 1992 — *Medvedev V.* *Basmachi – obrechennoye voinstvo* (Basmachi – A Doomed Army) // *Druzhba narodov*. 1992. No. 8. pp. 122–158. [In Russ.].
- Mirza Muhammad Khaydar, 1996 — *Mirza Muhammad Khaydar*. *Tarikh-i Rashidi* (Tarikh-i Rashidi) / Trans. by A. Urunbaev, R.R. Jalilova, L.M. Epifanova. Tashkent: AN RUz, 1996. 681 p. [In Russ.].
- Muhammad Khaydar Dulati, 2003 — *Muhammad Khaydar Dulati*. *Tarikh-i Rashidi* (Tarikh-i Rashidi). Almaty: Turan, 2003. 616 p. [In Kaz.].
- Niallo, 1941 — *Niallo A.* *Ocherki istorii revolyutsii i grazhdanskoy voyny v Kirgizii i Sredney Azii* (Essays on the History of the Revolution and Civil War in Kirgizstan and Central Asia). Frunze: Komitet nauk, 1941. 161 p. [In Russ.].
- Nikishov, 1957 — *Nikishov P.P.* *Bor'ba s basmachestvom na yuge Kirgizii*. Frunze: Kirgizgosizdat, 1957. 130 p. [In Russ.].
- Olcott, 1981 — *Olcott M.* *The Basmachi or freemen's revolt in Turkestan, 1918–1924 // Soviet Studies*. Glasgow University Press, 1981. Vol. XXXIII. No. 3. Pp. 352–369. [In Eng.].

- Polyakov, 1993 — *Polyakov S.P.* Istoricheskaya etnografiya Sredney Azii (Historical Ethnography of Central Asia): PhD diss. Moscow, 1993. 63 p. [In Russ.].
- Pylev, 2003 — *Pylev A.I.* Ob ideologicheskikh techeniyakh basmachestva v Sredney Azii (1918–1920 gg.) (On the Ideological Currents of the Basmachi Movement in Central Asia (1918–1920)) // Vestnik SPbGU. Series 2. No. 10. Pp. 29–36. [In Russ.].
- Pylev, 2005 — *Pylev A.I.* Politicheskoe polozhenie Bukharskogo emirata i Khivinskogo khanstva v 1917–1920 gg. (The Political Situation of the Bukhara Emirate and the Khiva Khanate in 1917–1920). SPb.: SPb Vostokovedenie, 2005. 186 p. [In Russ.].
- Pylev, 2007 — *Pylev A.I.* Basmachestvo v Sredney Azii (1918–1934): obshchie cherty i regional'nye osobennosti (Basmachism in Central Asia (1918–1934): General Features and Regional Specificities): PhD diss. SPb, 2007. 153 p. [In Russ.].
- Shokay, 1992 — *Shokay M.* Turkistan's Qily Tagdyry («The Twisted Fate of Turkistan») / Comp. B.S. Koshym-Nogay. Almaty: Zhalyln, 1992. 186 p. [In Kaz.].
- Timoshkov, 1941 — *Timoshkov S.P.* Bor'ba s interventami, belogvardeytsami i basmachestvom v Sredney Azii (The Struggle Against Interventionists, White Guards, and Basmachism in Central Asia). Moscow: VAF, 1941. 132 p. [In Russ.].
- Togan, 1990 — *Togan Z.V.* Problems of Turkestan // Central Asian Survey. Oxford, 1990. Vol. 9. No. 2. Pp. 95–101. [In Eng.].
- Togan, 1994 — *Togan Z.V.* Vospominaniya (Recollections). Book 1. Ufa: Kitap, 1994. 383 p. [In Russ.].
- Togan, 1998 — *Togan Z.V.* Vospominaniya (Recollections). Book 2. Ufa, 1998. 364 p. [In Russ.].
- Vasilevskiy, 1930 — *Vasilevskiy K.* Fazy basmacheskogo dvizheniya v Sredney Azii (Phases of the Basmachi Movement in Central Asia) // Novyy Vostok. 1930. No. 29. pp. 126–141. [In Russ.].
- Yusupov, Lunin, 1981 — *Yusupov E.Yu., Lunin B.V.* Basmachestvo – orudie reaktzii (Basmachism – A Tool of Reaction). Tashkent: Fan, 1981. 168 p. [In Russ.].
- Zevelev, 1968 — *Zevelev A.I.* Istorioografiya sovetского Turkestana (Historiography of Soviet Turkestan). Tashkent: Uzbekistan, 1968. 276 p. [In Russ.].
- Zevelev, Polyakov, Shishkina, 1986 — *Zevelev A.I., Polyakov Yu.A., Shishkina L.V.* Basmachestvo: Pravda istorii i vymysel falsifikatorov (Basmachism: The Truth of History and the Fiction of Falsifiers). Moscow: Mysl', 1986. 253 p. [In Russ.].
- Ziyaeva, 1999 — *Ziyaeva D.Kh.* Natsional'no-osvoboditel'noe dvizhenie v Turkestane v istoriografii XX veka (The National Liberation Movement in Turkestan in 20th Century Historiography). Tashkent, 1999. 64 p. [In Russ.].

#### Әдебиеттер тізімі

- Абдуллаев, т.б., 2000 — *Абдуллаев Р.М., Азамходжаев С.С., Алимов И.А.* и др. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. Ташкент, 2000. 165 с.
- Алексеевко, 1927 — *Алексеевко В.П.* Крестьянское восстание в Фергане. Ташкент: Средазкнига, 1927. 104 с.
- Баймырза Хаит, 1993 — *Баймырза Хаит.* Басмачи: Национальная борьба в годы 1917–1934. Кельн, 1993. 236 с.
- Василевский, 1930 — *Василевский К.* Фазы басмаческого движения в Средней Азии // Новый Восток. 1930. Кн. 29. С. 126–141.
- Ганновский, 1994а — *Ганновский Ю.* Персонажи с «той стороны». Ибрагим-бек Локай (1889–1932 гг.) // Азия и Африка сегодня. Москва, 1994. № 4. С. 60–64.
- Ганновский, 1994б — *Ганновский Ю.* Персонажи с «той стороны». Энвер-паша среди басмачей // Азия и Африка сегодня. Москва, 1994. № 5. С. 59–61.
- Зевелев, 1968 — *Зевелев А.И.* Историография советского Туркестана (Историография и источники по истории Гражданской войны в Туркестане). Ташкент: Узбекистан, 1968. 276 с.
- Зевелев, Поляков, Шишкина, 1986 — *Зевелев А.И., Поляков Ю.А., Шишкина Л.В.* Басмачество: правда истории и вымысел фальсификаторов. Москва: Мысль, 1986. 253 с.
- Зияева, 1999 — *Зияева Д.Х.* Национально-освободительное движение в Туркестане в историографии XX в. (проблемы изучения истории восстания 1916 г. и движения «Истиккол-Чилик» 1918–1924 гг.): Автореф. док. дисс. Ташкент, 1999. 64 с.
- Известия, 1921 — Известия. Орган ЦИК ЦККП Туркестанской республики. 1921. № 80, 86, 94, 96, 124, 126, 166.
- Ильютко, 1929 — *Ильютко Ф.* Басмачество в Локае. М.-Л.: Гос. изд-во, Отд. воен. литературы, 1929. 156 с.
- Какурин, 1924 — *Какурин Н.Е.* Боевые операции в Бухаре (1922 г.) // Гражданская война. Материалы. Том III. Материалы по истории ферганского басмачества и боевых операций в Бухаре. Москва, 1924. С. 90–159.
- Какурин, Зуев, 1924 — *Какурин Н.Е., Зуев Д.* Материалы по истории ферганского басмачества и боевых операций в Бухаре // Гражданская война: Материалы по истории Красной Армии. Т. 3. Москва, 1924. 160 с.
- Ким, Хасанов, 1989 — *Ким П., Хасанов М.* Басмачество: 1921–1924 гг. Что рассказывают о нем документы, хранящиеся в архивах // Звезда Востока. 1989. № 6. С. 141–150.

- Куйбышев, 1920 — *Куйбышев В.* Басмаческий фронт // Жизнь национальностей. 1920. № 16. С. 24–41.
- Кутяков, 1930 — *Кутяков И.С.* Красная конница и воздушный флот в пустынях. 1924 год. М.–Л.: Гос изд-во. Отд. воен. лит-ры, 1930. 216 с.
- Медведьев, 1992 — *Медведьев В.* Басмачи — обреченное воинство // Дружба народов. 1992. № 8. С. 122–158.
- Мирза Мухаммад Хайдар, 1996 — *Мирза Мухаммад Хайдар.* Тарих-и Рашиди / Введение, перевод А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкент: АН РУзб., 1996. 681 с.
- Мухаммед Хайдар Дулати, 2003 — *Мухаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди. Алматы: Тұран, 2003. 616 б.
- Ниалло, 1941 — *Ниалло А.* Очерки истории революции и гражданской войны в Киргизии и Средней Азии. Фрунзе: Издание Комитета наук при СНК Киргизской ССР, 1941. 161 с.
- Никишов, 1957 — *Никишов П.П.* Борьба с басмачеством на юге Киргизии. Фрунзе: Киргизгосиздат, 1957. 130 с.
- Поляков, 1993 — *Поляков С.П.* Историческая этнография Средней Азии и проблема ареальной типологизации и периодизации: Автореф. дис. доктора ист. наук. Москва, 1993. 63 с.
- Пылев, 2003 — *Пылев А.И.* Об идеологических течениях басмаческого движения в Средней Азии (в период 1918–1920 гг.) // Вестник Санкт-Петербургского университета. Серия 2. Выпуск 2 (№ 10). СПб., 2003. С. 29–36.
- Пылев, 2005 — *Пылев А.И.* Политическое положение Бухарского эмирата и Хивинского ханства в 1917–1920 гг. СПб.: Санкт-Петербургское Востоковедение, 2005. 186 с.
- Пылев, 2007 — *Пылев А.И.* Басмаческое движение в Средней Азии (1918–1934): общие черты и региональные особенности: Дисс. канд. ист. наук. Санкт-Петербург, 2007. 153 с.
- Тимошков, 1941 — *Тимошков С.П.* Борьба с интервентами, белогвардейцами и басмачеством в Средней Азии. Москва: ВАФ, Кафедра истории гражд. Войны, 1941. 132 с.
- Тоган, 1994 — *Тоган З.В.* Воспоминания: Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. Книга 1. Уфа: Китап, 1994. 383 с.
- Тоган, 1998 — *Тоган З.В.* Воспоминания: Борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. Книга 2. Уфа, 1998. 364 с.
- Ходжаев, 1970 — *Ходжаев Ф.* К истории революции в Бухаре и национального размещения в Средней Азии // *Ходжаев Ф.* Избранные труды. Ташкент, 1970. Т. 1. Ч. 2. 498 с.
- Чокаев, 2001 — *Чокаев М.* Отрывки из «Воспоминаний о 1917 годе». Токио–Москва, 2001. 237 с.
- Шоқай, 1992 — *Шоқай М.* Түркістанның қилы тағдыры / Құрастырған Б.С. Қошым-Ноғай. Алматы: Жалын, 1992. 186 б.
- Юсупов, Лунин, 1981 — *Юсупов Э.Ю., Лунин Б.В.* Басмачество — орудие реакции. Ташкент: Фан, 1981. 168 с.
- Allworth, 1989 — *Allworth E.A.* The Modern Uzbeks: From the Fourteenth Century to the Present – A Cultural History. Stanford: Hoover Institution Press, 1989. 432 p.
- Bennigsen, Wimbush, 1985 — *Bennigsen A., Wimbush E.* Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for the Colonial World. Chicago: University of Chicago Press, 1985. 261 p.
- Broxup, 1983 — *Broxup M.* The Basmachi // Central Asian Survey. Oxford, 1983. Vol. 2. No. 1. pp. 57–81.
- Olcott, 1981 — *Olcott M.* The Basmachi or freemen's revolt in Turkestan, 1918–1924 // Soviet Studies. Glasgow University Press, 1981. Vol. XXXIII. No. 3. Pp. 352–369.
- Togan, 1990 — *Togan Z.V.* Problems of Turkestan // Central Asian Survey. Oxford, 1990. Vol. 9. No. 2. Pp. 95–101.

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Abdimomynov N.T., Osanova A.O., Djumashev A.</b> FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) .....	7
<b>Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.</b> THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
<b>Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.</b> THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

## HISTORY

<b>Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
<b>Barm E., Satayeva B.</b> THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
<b>Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.</b> THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
<b>Zholdassuly T., Madelkhanova M.</b> THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
<b>Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.</b> SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	110
<b>Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.</b> FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	124
<b>Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.</b> DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	138
<b>Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.</b> AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	154
<b>Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.</b> POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	168
<b>Mukhatova O.Kh., Seffat D.</b> KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES .....	181
<b>Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.</b> FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	194
<b>Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.</b> SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	210
<b>Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.</b> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
<b>Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.</b> KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	240
<b>Teleuova E.T., Zhumadil A.K.</b> THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	255

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.</b> KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	269
<b>Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.</b> THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	281

**МАЗМҰНЫ****ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ**

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....</b>	<b>36</b>

**ТАРИХ**

<b>Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>62</b>
<b>Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....</b>	<b>110</b>
<b>Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....</b>	<b>124</b>
<b>Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....</b>	<b>138</b>
<b>Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....</b>	<b>154</b>
<b>Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....</b>	<b>168</b>
<b>Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҒЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....</b>	<b>181</b>
<b>Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....</b>	<b>194</b>
<b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....</b>	<b>210</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b>	<b>240</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....</b>	<b>255</b>

**ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ**

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....</b>	<b>269</b>
<b>Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....</b>	<b>281</b>

## СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....</b>	<b>7</b>
<b>Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....</b>	<b>23</b>
<b>Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....</b>	<b>36</b>

### ИСТОРИЯ

<b>Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....</b>	<b>46</b>
<b>Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....</b>	<b>62</b>
<b>Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....</b>	<b>79</b>
<b>Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....</b>	<b>95</b>
<b>Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....</b>	<b>110</b>
<b>Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....</b>	<b>124</b>
<b>Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....</b>	<b>138</b>
<b>Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....</b>	<b>154</b>
<b>Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....</b>	<b>168</b>
<b>Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....</b>	<b>181</b>
<b>Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....</b>	<b>194</b>
<b>Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....</b>	<b>210</b>
<b>Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....</b>	<b>225</b>
<b>Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....</b>	<b>240</b>
<b>Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....</b>	<b>255</b>

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....</b>	<b>269</b>
<b>Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....</b>	<b>281</b>

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13 (1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй